

Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 563 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Мәртөк ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 118 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3910 болып тіркелген, 2014 жылдың 19 маусымында аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде және 2014 жылдың 28 мамырында "Әділет" АҚЖ-де жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Т. Көлкебаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов